**Бекітемін:**
**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**Меңгерушісі: А.М.Жанекешова**

**Қаралды:**
**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**Әдіскері: Ж.Ж.Сагизбаева**

# *2025-2026 оқу жылына арналған «Құлыншақ»тобының ата-анамен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары*

**2025-2026 оқу жылы**

**Бекітемін:**
**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**Меңгерушісі: А.М.Жанекешова**

**Қаралды:**
**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**Әдіскері: Ж.Ж.Сагизбаев**

# *Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары*
# *2025-2026 оқу жылы*

| *Мерзімдер* | *Атқарылатын жұмыстар* | *Жауаптылар* |
|---|---|---|
| *Қыркүйек* | *Жаңа 2025-2026 оқу жылының мақсат міндеттерімен таныстыр. Балабақша тәртібімен таныстыру. Баяндама Тренинг* | *Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер* |
| *Қазан* | *«Жомарт күз» мерекесі. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала денсаулығына пайдалы жақтары. (Көрме ұйымдастыру)* | *Тәрбиешілер* |
| *Қараша* | *Табиғат бұрышын жаңарту. Қол өнер. ( Ата-ана, бала)* | *Тәрбиешілер* |
| *Желтоқсан* | *Ата-аналарға арналған кеңестер. Аурудан сақтанайық. Қыс қызығы. Жаңа жылдық сыйлықтар.* | *Тәрбиешілер* |
| *Қаңтар* | *«Дені саудың жаны сау» мәдени гигиеналық шара. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері* | *Тәрбиешілер* |
| *Ақпан* | *Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі. Тәрбие отбасынан басталады.* | *Тәрбиешілер* |
| *Наурыз* | *«Аяулы анашым» 8-наурызға арналған ертеңгілік. Қазақтың ою өрнектері.* | *Тәрбиешілер* |
| *Сәуір* | *Табиғатты аялайық. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.* | *Тәрбиешілер* |
| *Мамыр* | *Жазғы сауықтыру, шынықтыру шараларына дайындық. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.* | *Тәрбиешілер* |

# Баяндама

## Тақырыбы: «Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс»

***Орындағандар: Әбдіқамал Е.Б***

***Ермағамбетова Э.Т***

2025-2026 оқу жылы

«Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс»

Құрметті ата-аналар мен әріптестер!

Бүгінгі баяндамамыздың тақырыбы – ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс. Бала тәрбиесі – аса жауапты әрі маңызды іс. Баланың тұлға болып қалыптасуы отбасынан басталып, балабақшада жалғасады. Сондықтан ата-ана мен тәрбиеші арасындағы тығыз қарым-қатынас – сапалы тәрбиенің кепілі.

Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Мұнда ол достар табады, тәртіпке үйренеді, өз ойын жеткізуге машықтанады. Ал отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі. Отбасындағы жылулық, қамқорлық, үлгі-өнеге баланың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Егер ата-ана мен балабақша бір бағытта жұмыс жасаса, бала өзін қауіпсіз сезінеді, дамуы үйлесімді болады.

Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс бірнеше түрде жүзеге асады:

Ата-аналар жиналысы

Ашық оқу іс-әрекеттері

Жеке кеңестер

Мерекелік шаралар

Ортақ жобалар мен сайыстар

Тәрбиеші мен ата-ана арасында сенімді қарым-қатынас орнаса, баланың қиындықтарын дер кезінде анықтап, бірге шешуге мүмкіндік туады. Ашық сөйлесу, бір-бірін тыңдау, өзара құрмет – осы байланыстың негізі.

Қазіргі таңда ата-аналармен жұмыс жасаудың заманауи түрлері де бар: мессенджер арқылы ақпарат алмасу, фотоесептер жіберу, онлайн жиналыстар өткізу. Бұл ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, бала бақыты – отбасы мен балабақша бірлігінде. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» демекші, бала тәрбиесінде ортақ мақсат қойып, бірлесе әрекет етсек, болашағы жарқын, тәрбиелі ұрпақ өсіреміз.

Назарларыңызға рахметАааа

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы»**

# Ата-аналарға арналған сауалнама

***Тәрбиешілер: Әбдіқамал Е.Б***

***Ермағамбетова Э.Т***

**2025-2026 оқу жылы**

**Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.**

**1. Бала сізді тыңдамаса, не істейсіз?**

а) оған айғайлайсыз;
ә) әңгімелесесіз, көндіресіз;
б) оның ақталғанына мән бермейсіз, үндемейсіз;
в) оны ұрып тастауыңыз мүмкін;
г) желкесінен ұрасыз;
д) оның кінәсін түсіндіруге ұмтыласыз;
е) басқаша іс-әрекет жасаймын (қандай)

_______________________________________________

**2. Сіздің көңіл-күйіңіз болмаса, өшіңізді балаңыздан аласыз ба?**

а) жиі;
ә) сирек;
б) ешқашан;
в) айту қиын;
г) басқаша (қандай) _______________________________________________

**3. Сіздің балаға айғайлауыңызға, қорқытып-үркітуіңізге, ұрып-соғуыңызға әкелетін себептерді көрсетіңіз:**

а) тәрбиелеуге ұмтылу;
ә) балаға қатысты емес ашу туғызатын жағдайдан құтылу үшін;
б) әйеліммен (күйеуіммен) ұрысып қалғаным себепті;
в) балам бір нәрсені талап етеді, сұрайды;
г) балам мені ренжіткенде;
д) ұрып-соғу үшін;
е) өзімнің көзқарасыма оны сендіру үшін;
ж) түсіндіре алмаймын;
з) басқа себептер (қандай) _______________________________________________

**4. Сіздің кейде баланы ұрып-соғып, үйден қуып, қараңғы бөлмеге қамап қойғыңыз келген сәттер бола ма?**

а) иә;
ә) жоқ;
б) ешқашан;
в) айту қиын;
г) басқа (қандай) _______________________________________________

**5. Баланың күнәсі ауыр болған жағдайда қандай жаза қолданасыз?**

_______________________________________________

**6. Жазып көрсетіңіз:**

Жасыңыз қаншада? _______________________________________________
Отбасыңызда неше бала бар? _______________________________________________
Олардың жасын көрсетіңіз? _______________________________________________

**7. Сіз бала кезіңізде ата-анаңызды тыңдамаған сәттерде, олар:**

а) көндіргісі, сендіргісі келетін еді;
ә) үндемейтін;
б) желкемнен соғып қалатын;
в) ұрып-соғатын;
г) күш қолданатынын айтып қорқытатын;
д) басқаша _______________________________________________

**8. Үйдегі мерекелерді, қуанышты сәттерді жазып көрсетіңіз:**

_______________________________________________

_______________________________________________

**Ата-ананың аты-жөні:** _______________________________________________

**Жауабыңызға рахмет.**

«Балауса» бөбекжай-балабақшаы»

# Тақырыбы: « Аяулы анашым»

# Ата аналар жиналысы

**Тәрбиешілер: Ермағамбетова Э.Т**

**Артықбаева Ы**

Тренинг - Психолог.

Ойын ойнатуу тілек айтып гүл ұсыну.

Түрлі-түсті гүлдердің хош иісі көңілді көтеріп, атмосфераны нұрға бөледі. Қызыл, сары, ақ гүлдер бір-бірімен үйлесіп, кішкентай бақ секілді.

Жиналыста тағы басқа да мәселелер талқыға алды, уақытынша де толығуды өтіндік.

Жиналысқа 15 ата-ана қатысты.

Маратова Жансая.

06.03.2026.

Тақырыбы: „Аяулы анашым"

8-наурызға арналған ертеңгілігі.

Қазақтың ою-өрнектері.

Өткізген ата-аналар саны 20

қатысқандары 5.

Аяулы анашым, ардақты әже!
Ең көркем мерекесі 8-наурызбен
шын жүректен құттықтаймыз
Топтың әдемі қыздарымызға
әне жетекшісінің дайындаған
жеңіцан бейне, әдемі ақ көйлек-
терін дайындадық. Осы ертеңгі-
лігімізге көрме де дайындадық
мыз. Қағаздан жасалған
гүлдер, моншақ, алқашақтар
Анама сыйлық бұрышын
Бұл менің анам.

№1. 16.10.2025

Тақырыбы: „Бала бақыты - отбасы мен балабақша бірлігінде".

Мақсаты: Бұл баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақшаның өзара тығыз байланысының маңызын көрсететін тақырып.
Бала өзін қауіпсіз, сүйікті әрі бақытты сезінуі үшін ата-ана мен тәрбиеші бір бағытта жұмыс істеуі керек. Тәрбиемен балабақшадағы тәрбие үйлесімді болса баланың дамуы да нәтижелі болады.

Отбасының рөлі: Баланың алғашқы тәрбиесі отбасында қалыптасады.
Сүйіспеншілік пен қамқорлық береді. Мінез-құлқы мен әдеттері қалыптасады.

Балабақшаның рөлі.
Білім мен тәрбие береді
Қарым-қатынас дағдыларын дамытады.
Топта жұмыс істеуге үйретеді.

Бірліктің маңызы:

Балада сенімділік пайда болады
Тәрбие біртұтас болады.
Баланың қабілетін толық ашылады
Екі жақ бірлесе әрекет еткенде ғана бала өзін жайлы сезініп 11
болашағы жарқын болады.